БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ТРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

3 май Жексенбі || Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет адамының аса қасиетті бейнелерінің бірі— оның еңбекке көзқарасы. Адамзат тарихында еңбек еңалдымен, біздің елде ғана аброй әперетін, даңқ шығаратын, ерлік, батылдық іске айналды. Бұл енді—халық игілігіне, социализм Отанының игілігіне бола сіңірілетін еркін еңбек. Еңбек етуші адам—совет елінің ең қадырлы, ең сыйлы адамы.

## рттар
## лсын

ық түліктен орындауға
қабат, бұл екі совхоз
ін арттыруда жоғары
і. Бірақ, совхоздар тресі
алғанда коллективтік
ндалуы мүлдем қанағат-
совхоздарда озаттардың
тталмайды, кадрлардың
ыру ісіне жете мән бе-
шылардың мәдени-тұр-
өтеуге қамқорлық өте
меткерлері кәсіподағы-
комитеті, оның председа-
жолдас коллективтік
қау жөнінде жергілікті
басшылық жасамайды.
бірқатар МТС-терде де
н, Совет МТС-де коллек-
бірде-бір пункті орын-
де болады.
мұндай кемшіліктерге
болмайды. Шаруашылық
кәсіподақ ұйымдарының
ективтік шарттардағы
бірінші тоқсандағы
ындылары бойынша жұ-
нженер -техник қыз-
қызметшілердің жасаған

## Барлық күш егіс жоспарын тез орындауға жұмсалсын!

☆ ☆ ☆

### Дәнді дақылдар егуді аяқтадық

Көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтау жолында егіншілер жанқыярлықпен еңбек етті. Мәселен, тракторшы Н. Паух «ХТЗ» тракторымен бір сменада 16 гектар орнына, 20—22 гектар жерге тұқым септі де, күндік норманы артығымен орындап отырды. Осы сияқты, тракторшылар Ф. Паух және Я. Некель жолдастар да «ДТ—54» тракторымен смена сайын жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Дәнді дақылдар егу жоспары аяқталысымен барлық тракторлар және басқа да күш -мүмкіншіліктер пар жыртуға қосылды.

**М. ТЮТЕНКОВ,**

**Конюхов ауданы, Мичурин атындағы колхоздың председателі.**

---

## Механизаторлардың қажырлы еңбегі

Совет МТС-нің Молотов атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін № 6 трактор бригадасының (бригадирі Ә. Ескендіров жолдас) тракторшылары көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолында күндіз-түні бірдей өнімді еңбек етіп жатыр.

Бригада тракторшыларының ішінде Ә. Қазбеков жолдас жоғары көрсеткіштерге ие болды. Ол үстіміздегі жылы өз трак-кінің қуатын сарқа пайдалану жөніндегі игі бастамаларына жауап бере отырып, күндік жұмыс нормасын ұдайы артығымен орындап отыруға жетісті. Мұнымен бірге ол тракторды күнбе-күн жоғары техникалық күтімде ұстау нәтижесінде көп жанар, жағар майын үнемдеді. Ол үнемделген бұл маймен айрықша жұмыс істеуде. Осының нәтижесінде Ә. Қазбеков жолдас егіс жұмыстары басталғаннан бері 250

## Еңбек тәртібін қатаң сақтау керек

Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Петропавл жол бөлімшесінде жүк тиеу жоспары 108,7, вагондарды қабылдау жоспары 108,3 және вагондарды тапсыру жоспары 108,6 процент орындалды. Бұл жол бөлімшесінде техникалық мүмкіншіліктерді пайдалану ісінің едәуір жақсарғандығын көрсетеді. Солай бола тұрса да, поездардың жол жүру хауіпсіздігінің жайы өте-мөте нашар. Жұмыста ақауларға жол беру, еңбек және мемлекеттік тәртіпті бұзу фактілері әлі күнге дейін көптеп орын алып келеді.

Әсресе, паровоз депосында жағдай ерекше назар аударуды қажет етеді. Үстіміздегі жылдың алғашқы үш айы ішінде депода жұмысшылардың іске кешігіп келуі 87 рет кездесті. Ол олма, өндірістен өзбетімен кетіп қоюшылық фактілері де бар. Жалғыз паровоз депосы емес, Петропавл станциясында, вагон жөндеу депосында, тағы басқа кәсіпорындарында еңбек тәртібін өрескел бұрмалаушылықтардың жойылмай келе жатқандығын көреміз. Паровоз және вагон деполары бойынша апрель айына дейін жұмыста 247 ақауға жол берілді. Бұл үшін кінәлілерге жол бөлімшесінің әкімшілік бас-не байланысты нұсқау кітапшаларды ратып берумен тынған.

Партиямыз бен үкметіміз локомот және поезд бригадаларының жұмыс жеңілдетуге қамқорлық жасап, оларға сағаттық жұмыс нормасын тағайын, ды. Бірақ, жол бөлімшесінің басты Еремин жолдастың бұйрығы бойын үстіміздегі жылдың январь, февраль ларында паровоз бригадаларының жұм істеу мерзімі 87 рет ұзартылды. Шын на келсек, Еремин жолдас мұндай б рықтарымен пайдадан гөрі зиянды ке рек келтірді. Өйткені, ол тағайындал еңбек тәртібін бұзды.

Теміржолшылар арасында саяси-ке шілік және саяси-тәрбие жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізілмеуі бөлімш мемлекеттік тапсырмалардың орынд барысына керісінше әсерін тигізбей қ майды. Бөлімшенің Степанов, Сапож ков, Егоров жолдастар сияқты жекеле шаруашылық басшылары быйылды өздері басқарған жұмыс участогіндегі мысшылардың алдында бірде-бір рет ция оқып, баяндама жасаған емес.

Жол бөлімшесінде, әсресе, негізгі

## ...ТИЯ ТҰРМЫСЫ

# ...стағы кемшіліктерді ...алай түзедік

...егіске әзірлікте
...ыйыл бірсыпы-
...орлар мен көлік
...ленді. Механи-
...лды. Коммунис-
...ыстың шешуші
...гшілердің кеңе-
... айтқанда, біз
...й әзірлендік.

...ының алғашқы
... өнімді жұмыс
...ларында еңбек
...анағаттанғысыз
... үгітшілердің
...ның көрсетті.
... тебуі «уақыт
...гел кепсін» де-
...кені байқалды.

...дайға төзе ал-
...ыйналысы ша-
... басқармасының
... —бригадирлер
...ты. Жыйна-
...емгі егіс жұ-
...де менің баян-
...терді батыл
...қ жұмысты
...нистердің өнді-
...тқаруын, сөй-
...і ұйымдасты-

...ыйналысы қау-
...ұйымдастырдық.
... Мұхамеджанов
...ын өз тракто-
...ндайтын болды.
...с трактор пар-
...жағар майлары

сыз етті. Осы сыяқты, егіс жұмысындағы басқа да коммунистер мен комсомолецтер жұмыс нормаларын толық және асыра орындап, бұқараға үлгі көрсетті.

Егіс және трактор бригадаларының дала қостарын саяси-бұқаралық жұмыстың орталығына айналдырдық. Оқу үйінің меңгерушісі Б. Мұстафин жолдас қостардың көркем әдебиет кітаптарымен, шахмат, дойбы және музыкалық аспаптармен жабдықталуын қамтамасыз етті. Үгітшілер, әсресе, Белгібаев, Бейсенбин. Ахметов жолдастар тікелей егіс және трактор бригадаларында болып, колхозшылар мен механизаторлар арасында дауыстап газет оқыды, түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізді, озаттардың тәжрибелерін насихаттады, жауынгерлік листоктердің кезінде шығарылуына, көрсеткіш тақталарының толтырылуына көмектесті.

Партия ұйымы бескүн сайын бригадалар бойынша үгітшілердің кеңесін өткізіп, саяси- бұқаралық жұмыстың нәтижесін қорытып отыратын болды. Мұның өзі үгітшілердің жұмысына бақылау мен басшылықты едәуір жақсартқаны даусыз.

Партия ұйымы жүргізген партиялық саяси жұмыстың нәтижесінде көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастырудағы алғашқы кемшіліктер дереу жойылды. Колхоз аудан бойынша алдыңғылардың сапына қосылды. Енді 2—3 күнде біз көктемгі егіс жоспарын барлық дақылдар бойынша толық орындап шыққалы отырмыз.

**Ғ. МҰСАБАЕВ,**

**Булаев ауданы, Ленин атындағы**



Петропавлдың балалар кітапханасына күн сайын жүзден аса балалар барып, кітап алып оқып тұрады.

СУРЕТТЕ: балалар кітапханасы оқу залының көрінісі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## *Москва көшесінде*

Қуанышқа толып ыстық жүрегім,
Көтеріліп, өсіп көңілім, жігерім,
Салтанатты астанамыз Москва
Көшесінде еркін басып келемін.

Метросын, зәулім биік үйлерін
Тамашалап тоймай көріп келемін.
Москвалық достардың да ақжарқын
Жүздерінен шаттық күлкі көремін.

Москвадай мейірімді қаланы
Іздесе кім жер үстінен табады.
Москва ғой —білім, өнер ордасы,
Москва ғой —бейбітшілік қаласы.

Миллион жан адал ниет -тілекпен
Москва деп жүрегінен жыр төккен.

# Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 май. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 16 май күні былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық ерiктiлерi бөлімдерімен бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды, жергілікті маңызы бар атакаларды тойтарып тастап, дұшпанды адам күші және техника жағынан шығындарға ұшыратты.

Орталық майданда Чхолвонь ауданында дұшпан артиллерия мен авияцияның колдауымен біздің алып тұрған шептерімізге бірнеше атакалар жасауға әрекеттенді. Алайда, біздің әскерлеріміздің қарсылығына және қарсы атакаларына кездесіп, дұшпан кейін шегінді, ұрыс даласында өлідей, жаралыдай және қолға түскені бар бір взводтан артық адамдарынан айырылды.

Кэмхваның шығысына таман дұшпан біздің әскерлеріміздің алып тұрған шептеріне үш дүркін атакалар жасады, алайда, өлідей 50-ден аса солдаттары мен офицерлерінен айырылып, кейін шегінуге мәжбүр болды.

Басқа майдандарда ерекше өзгеріс болған жоқ.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның бір самолетін зыяндап, үш самолетін атып түсірді.

# Ағылшын еңбекшілері жалақыны көбейтуді талап етуде

ЛОНДОН, 16 май. (СОТА). Ағылшын баспасөз орындары кеше финанс министрі Батлердің еңбек министрлігі жанындағы ұлттық біріккен кеңесші советімен (ол кәсіпорындары, кәсіподақ басшылары және мемлекет қарамағына берілген өнеркәсіп тарауларының басшылары өкілдерінен құралған) бірге өткізген мәжлісті кеңінен жазуда. Батлер өнеркәсіп иелері және кәсіподақ басшыларынан жалақыны көбейту туралы жұмысшылардың қойып отырған талаптарын бөгеуді талап етті және қазіргі уақытта жалақыны көбейтуді талап етіп отырған жұмысшылардың саны 7—8 миллионға жетті деп хабарлады.

Газеттер 15 май күні тау кеншілері ұлттық кәсіподағының атқару комитеті көмір мәселесі жөніндегі ұлттық басқармадан 715 мың тау кеншілерінің жалақысын арттыруды талап ететін хат жолдауға ұйғарды деп хабарлайды.

ЛОНДОН, 16 май. (СОТА). «Дейли уоркер» газетінің хабарына қарағанда, кеше Лондонның үй жыяздарын жасайтын кәсіпорындары жұмысшыларының жалақыны арттыруды талап еткен демонстрациясы болған. Демонстрацияға үй жыяздарын жасау өнеркәсібінің 7 мың жұмысшысы, соның ішінде Лондонның үй жыяздарын жасайтын фабриканың бір мың әйелдері қатысқан. Демонстрация кезінде осы фабрикалардың көпшілігі жұмысын мүлдем тоқтатқан. Жалақыны көбейту туралы талаптарды апарып беретін делегация құрамына жұмысшылар 12 адам сайлаған.

# Алжирде полицияның демонстрацияшыларды

